



Ақмешіт

24 қараша
сейсенбі
№91 (1692)
2020 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

СЫРДАҒЫ ТОЛЫМДЫ ТІРЛІК Елорда төрінде сараланды



Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында Мемлекет басшысының «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауы аясында өңірде атқарылған істер мен аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы жайында мәлімдеді.

Брифингте облыс басшысы әр саланың және мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асуы баяндалды. Оның айтуынша, экономикаының негізгі салаларында өсім бар. Мәселен, өнеркәсіптегі өнім өндіру 3,5, ауыл шаруашылығы 3,1 процентке, шағын және орта кәсіп нысандары 5,4 процентке артқан. Сонымен қатар мұнай көлемін арттыру бағытында Шу-Сарысу шөгінді бассейнінің жер қойнауын зерттеу қолға алынбақ.

ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ АШЫЛАДЫ

Бүгінде аймақта 26 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Құны 554 млрд теңгені құрайтын жобалар іске асса 7 мың тұрақты жұмыс орнын ашуға мүмкіндік туады. Бұл индустрияландырудың үшінші бесжылдығы аясында орындалмақ. Бұған дейін аталған бағдарламамен Арал ауданында тауарлы

балықты терең өңдеу цехы ашылған болатын. Мұның жалғасы ретінде тағы бір балық өңдеу зауыты мен кварц құмдарын байыту комбинатын жыл соңына дейін іске қосу көзделуде. Тағы бір тиімді жобаның бірі – ірі зауыттар жанынан ілеспе өндірісін жетілдіру ісі. Мұндай жоба ретінде шыны зауытының жанынан 8 өндіріс көзін ашу жоспарлануда.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТАДЫ

Өңірдің басты экономикалық саласы ретінде ауыл шаруашылығын айтуға болады. Бұл ретте облыс әкімі биыл дикандар күршіттің әр гектарынан 61,8 центнерден өнім алғанын жеткізді. Нәтижесінде Сыр қамбасына 550 мың тоннадан астам астық

жиналды. Су тапшылығына сәйкес егістікті әртарапандыру қолға алынып, тиімділігін көрсетті. Егінді суару енді аквагелдер, тамшылату, жаңбырлату арқылы жүзеге асады. Бұдан бөлек көлемі 2,3 текше метр болатын 6 су қоймасы салынады. Қазіргі таңда Қызылорда және Өйтек су тораптарын қайта құру, Жиделі су қоймасын жөндеу, Жалағаш ауданында ирригациялық және дренаж жүйесін жетілдіруде ірі жобалар қолға алынған.

Сыр елінен сыртқа тасымалданатын өнімдер қатарын биыл қамыс, қызанақ, мұздатылған көкөністер толықтырды. Жалпы әлемнің 17 еліне өңірден ауыл шаруашылығының 11 өнімі экспортталды.

БИЗНЕС БАСТАМА

Облыста кәсіпкерлікті дамыту бағытында әзірленген 2023 жылға дейінгі экономикалық даму картасы бар. Жоспарға сай 270 млрд теңгеге 265 жоба іске асуы тиіс. Соның аясында 4600-ге тарта жұмыс орны құрылмақ. Бұған дейін жүзеге асқан 110 жобамен 2 мыңға жуық жұмыс орны ашылған. Жеке кәсіп ашуда көпбалалы аналардың мүмкіндігі зор. Оларға «Еңбек» бағдарламасымен арнайы грант бөлінуде. Соның арқасында биыл 600-ден аса көпбалалы ана кәсіпкер атанған. Сонымен бірге кәсіпкерлер салық төлеуде жеңілдік алды. Бірқатары меншікті жалдау ақысынан, МӨМС төлеуден босатылды. Мұндай жеңілдік жыл соңына дейін тағы 194 шағын және орта бизнес өкілдеріне берілмек.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА – ЖҰМЫС КӨЗІ

Бұл бағытта биыл 19 мыңға жуық жаңа жұмыс орны құрылған. «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасымен 277 инфрақұрылымдық жоба жүзеге асқан. Нәтижесінде 9,5 мыңға тарта тұрғын жұмысқа тартылған. Аталған бағдарлама негізінде ашылған жұмыс орнының 14 мыңы тұрақты саналады. Ал өңірдегі жұмыссыздық деңгейі – 4,9 процентті құрайды.

2 БЕТТЕ

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

БАЛДАЙ ТӘТТІ «BALQAIMAQ»

Сіз балқаймақ жеп көрдіңіз бе? Бұл өнімді көз алдыңызға қалай елестеттіңіз? Өзім бала күннен өжемнің ірімшік, құртын жеп өскен соң балқаймақтың дәмі де, түрі де қызық көрінді. Көптің қызығушылығын тудырған өнімді қаламыздағы Астана көшесінің бойында орналасқан екі қабатты «Balqaimaq» дәстүрлі дүкенінен таптық.



Жалпы Сыр елінде кәсіпкерлік саласы кеңінен дамып келеді. Аймақта 2018-2020 жылдар өңірде жаппай кәсіпкерлікті дамытудың үш жылдығы ретінде жарияланғаны белгілі. Аталған бағытта биыл кәсіпкерлерге 487 бизнес жоспар әзірленді. Соның ішінде құны 2,5 млрд теңгені құрайтын 188 жоба қаржыландырылып, 56-ы мақұлданды. Айталық, «Бастау» жобасын оқыған азаматтардың 914 жобасына қаражат бөлінсе, басым бөлігі «Еңбек» бағдарламасы аясында қайтарымсыз қаржы болды. Ал «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша облыстың жобалық кеңесінде 160 жоба бар. Бүгінде 9 млрд теңгені құрайтын 110 жоба мақұлданған.

Үйрендік. Табиғи болған соң біздің өнім тұрғындар арасында сұранысқа ие. Сонымен қатар әр қазақтың дастарқанынан өз өнімімізді көргіміз келеді, – деді кәсіпкер Жібек Мұхимова.

Расында да, дүкенде өнім түрі мол, таңдау бар. Сондай-ақ арнайы қонаққа, той-томалаққа ұлттық тағам түрлерін біріктіріп салған себетті де сатып алуға болады. Оған әркім өз талғамына қарай тапсырыс беріп, жасатуға мүмкіндік бар. Тіпті өз тұтынушылары да қалыптасқан. Саудасы қызған дүкеннің қызмет көрсету сапасы да жоғары екенін байқалды. Сырттан келген әр адамға дүкен сатушысы жылы сәлемдесіп, сұраған өнімдерін жан-жақты



Балқаймақтағы бір сыр...

Бүгінде әрбір адам құрт, ірімшік, жемісті көп жейді. Ал балқаймақтың дәмін татқандар аз. Өйткені, бұл тағам ұмытылып барады. Кейбір балқаймақ десе, қаймаққа бал қосылған ас деп ойлайтыны да жасырын емес. Бірақ олай емес. Кезінде оны әжелеріміз түінің сүтіне бал, қант, ұнды қосып, баппен асықпай қайнататын болған. Содан соң дайын өнімді кептіріп, сұт қосылған қою шаймен бірге қонаққа тарту еткен. Қазақ салтында балқаймақпен шай ішкен мейман «Ет аспайды» деп үй иесіне өкпелемейді, қайта ризашылық білдіреді екен. Міне, балдай тәтті балқаймақтағы бір сыр...

Соның бірі – облыс орталығында ашылған «BALQAIMAQ» кешені. Жеке кәсіпкер Жібек Мұхимова отбасылық кәсіпті өзгелер секілді үй жағдайында бастаған. Кейін үйдегі кәсіпті заман талабына сай етуді мақсат еткен кәсіпкер ең әуелі ыңғайлы ғимарат құрылысын бастауды ойлап, тәуекелге бел буады.

– Бір істі қолға алып, бастап кету оңай емес. Алдына мақсат қойып, қаражат көзін тауып, ерінбей білек сыбаңа кірісуді талап ететін нәсіп. Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы бойынша 2018 жылы 10 миллион көлемінде несие алған болатынмын. Солай кәсіпті бастап кеттік. Биыл «Balqaimaq» дүкенінің жұмыс істеп, халыққа өз қызметін көрсетіп келе жатқанына екі жылға таяп қалды. Бүгінде 5 адам жұмыспен қамтылған, – деді дүкен директоры.

Аталған дүкенге біз де бардық. «Balqaimaq»-тың балдай тәтті әрі табиғи өнімдері сөрелерде толып тұр. Керек десеңіз, қайсысын аларыңызды білмей қаласыз. Қолдың сары майы, сүт, қатық, ірімшік, құрт, жент, қаймақ, саумал, шұбат, қымыз, тіпті балқаймаққа дейін бар. Әрине, балқаймақ дегенде елең ете қалатындар көп-ақ. Себебі бұл тағам түрі ұмытылып бара жатыр.

– Бізге де мақсат – сүт өнімдерін қайта өңдеп сату ғана емес, қазақтың ұлттық тағамдарын қайта жаңғырту. Өзіміз де көп іздендік. Ел ішінен балқаймақты дәмді етіп жасай алатын әжелерді іздеп тауып, кәлі әзірлейтінін

түсіндіріп, жақсы қабылдап тұр. Кез келген қазақтың сүйіп жейтін ұлттық тағамдары бар кешен ішінде жылылық ерекше сезілді.

Айта кетейік, әлемді дүрліктірген індет кезінде де дүкен жұмысы тоқтамады. Қайта қыза түсті. Дәл сол тұста саумалдың саудасы жоғары болды.

– Иә, кийін кезеңде көп адам саумал ішуді әдетке айналдырды. Ал оның денсаулыққа қаншалықты пайдалы екені белгілі. Соған орай тұтынушылардың бәрине бірдей жеткілікті болуды мақсат еттік. Қазірдің өзінде ағарған жақсы өтіп тұр, – деді дүкеннің бас менеджері Индира Сәдуақасова.

Расында да, дүкен өнімін сатып алушылар дән риза. «Осы дүкен ашылғаннан бері сауда жасап келемін. Өнім сапасы да, сатушылардың қызмет көрсетуі де жақсы. Бағалары да тиімді. Әр тағамы дастарқанымыздан табылады», – деді қала тұрғыны Руслан Исабеков.

ТІЛШІ ТҮЙІНІ:

Осы күні дүкен тек ұлттық өнімдерді сатумен ғана емес, саумал кәсібін дамытуды бастап кетті. Алдағы уақытта кешенің екінші қабатын меймандар үшін қымыз, шұбат ішіп, демалып отыратын мекенге айналдыру жоспарла бар. Қорыта айтқанда, газды сусыннан гөрі адам азғасына пайдалы ағарғанды алғыңыз келсе, өзіміздің «Balqaimaq»-қа барыңыз. Ұлттық тағаммен дос болыңыз.

Ақтолық НҰРЛЫБАЙ
Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

«Бастаудан» бастау алған ГҮЛ ДҮКЕНІ

4 БЕТТЕ

ӘКІМГЕ АЛТЫ САУАЛ



Ақжарма: Мал ұрлығы тоқтады ма?

Жыл соңы – атқарылған істің есебі мен қолға алынған тірліктің шешімін бағамдайтын түс. Әкімдер үшін де халықпен арадағы мәселенің жай-жапсары сараланып, үзде-келісімнің қай межеде орындалғаны көрінетін сын сәт. Осы орайда «Әкімге алты сауал» айдарының кезекті сұрағын Ақжарма ауылдық округінің әкімі Жұмабек Әліевке бағыттадық.

– **Сынды қалай қабылдайсыз?**
– Егер айтылған сын шын болса, мемлекеттік қызметкерді шындықты деген ойдамын. Мақсатымыз – елді мекенде мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру, халықтың талап-тілегін ескеру. Сондықтан әрбір айтылған сын маңызды.
– **Биылғы біткен іс?**
– Биыл жоспарланған тірліктің басым бөлігі орындалды. Мәселен, Баймұрат батырауылындағы М.Шокай көшесіне көше жарығы орнатылып, Талдыарал елді мекеніндегі Талдыарал көшесіне орташа жол жөндеу жұмысы жүргізілді. Орталық алаң абаттандырылып, спорттық тренажерлер салынды. Оған қоса, «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасы аясында 6 көше орташа жөндеу, 30 ауыл тұрғыны осы жұмысқа тартылды. Сонымен бірге Қырман көшесіне демалушылар арқылы орташа жол жөндеу жүргізіліп, нәтижесінде Баймұрат батыр ауылы мен Талдыарал елді мекеніндегі бұрыннан қалыптасқан орталық көшелердің барлығы асфальтталды.

Тағы бір айта кетерлік жайт, Ақжарма ауылдық округіне қарасты Қалғандария елді мекені тартылып, Кұбас елді мекені Талдыарал елді мекеніне қосылды. Қалғандария елді мекенінің тұрғындарын көшіру мақсатында округке қарасты Талдыарал ауылының аумағынан жеке тұрғын үй құрылысы үшін 216 азаматқа, оның ішінде Қалғандария елді мекенінің 33 тұрғынына жер учаскесін беру жоспарланған. Биыл жаңадан берілген жерге ауыз су құбырларын тарту, тас жол салу жұмысы аяқталды. Ал электр желісін жүргізу үшін қалалық құрылыс бөлімі арқылы жобасметалық құжат дайындалды.

– **Биыл үлгері алмаған ісіңіз?**
– 2020 жылы жекешелік-әріптестік аясында Баймұрат батыр ауылына дәрігерлік амбулатория салу

жоспарланған. Арнайы жер телімі дайындалып, «ИнтерСтрой» ЖШС құрылыс жұмысын бастайды деп күтілген еді. Алайда облыс әкімінің бастамасымен, 2020 жылы мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында салынатын құрылыс нысандарын кейінге шегеруге байланысты дәрігерлік амбулаторияны салу келесі жылға қалды.

– **Жыл басындағы есепті кездесуде ауыл тұрғындары мал ұрлығын азаймай тұрғанын ашына айтып, қадағалауды сұраған. Қазіргі нәтиже қалай? Ауылдағы ұрлық тоқтады ма?**

– Округтің учаскелік полиция инспекторы аталған қылмыстың алдын алу бойынша жүйелі жұмыс атқарып келеді. Ақжарма ауылдық округі бойынша 2020 жылдың 10 айында барлығы 8 қылмыс тіркеліп, оның 4-і ашылған. Учаскелік полиция инспекторы күнделікті ауыл тұрғындарымен түнгі кезекшілікке шығуда. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне жаңартулар мен өзгертулер енгенін, яғни қылмыс санаттары біршама ауырлағаны халыққа түсіндірілді. Сонымен қатар жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында балалардың түн мезгілінде үйінде болуын қадағалау қолға алынды.

Өткен жылы қоғамдық кеңес отырысында мал ұрлығымен ұсталған адамның мәселесі қаралып, ауыл тұрғындарының ұсынысы бойынша отбасымен ауылдан көшірілді.

– **Елді мекен тұрғындары жаңадан орнатылған электр қуатын есептегіш құрылғының жұмысына да күмән келтіріп, электр қуатына төлейтін шығын көбейгенін айтқан болатын. Бұл олқылықтың орнын толтыру мақсатында қандай жұмыс істелді?**

– Қазіргі таңда мамандар тұрғындарға түсіндірме жұмысын жүргізуде. Тұрғындарға құрылғының артық-

шылығы мен пайдалы тұсын жеткізуге күш салуда. Мәселен, смартфон арқылы үйден пайдаланған жарықтың көрсеткішін, қанша қаржы төлеу керегін анықтауға болатыны айтылды. Оған қоса жаңа құрылғының құжаты халыққа тапсырылды.

– **Жастар саясатын дамытуда ілгерілеу бар ма?**

– Ақжармадағы жастар саны 487-ге жетіп, ауыл тұрғындарының 20,5 пайызын құрап отыр. Жастар мен оқушыларға арналған «Жастар» ұйымы жұмыс жасауда. Ұйым мүшелері ауыл жастарының өзекті мәселесін көтеріп, шығармашылық әлеуетті арттыруға қалам жасауда.

Сондай-ақ ауылдағы «Еріктілер клубы» қоғамдық өмірге белсенді араласып келеді. Еріктілер қатарындағы 30-дан астам азамат ауылда барлық саланың ілгерілеуіне атсалысуда. Елімізде орын алған пандемияға байланысты төтенше жағдай жариялануына орай, еріктілер ауылдық округке қарасты Баймұрат батыр, Талдыарал ауылдарындағы блокпосттарда кезекшілік ұйымдастырды. Сонымен қатар еріктілер және «Жастар» ұйымының ұйымдастыруымен мұқтаж отбасына азық-түлік себеттері мен гигиеналық құралдар берілді.

Дегенмен жастарды толғандыратын өзекті мәселе – жұмыссыздық. Бұл бағытта жастарға қалалық жұмыспен қамту орталығы арқылы ұйымдастырған бос жұмыс орындары жәрменкесіне баруға кеңес берілді. Алайда жастар көңіл бөлмей, жұмыссыздық деңгейіне кері әсер етуде. Осыған сәйкес жыл сайын ҰБТ-дан шекті балл жинай алмаған жастарға колледждерге құжат тапсыруға және «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы туралы түсіндірме жұмысы жүргізіледі.

Өңгімелескен Еркін Шамшадин

«Ақмешіт апталығы» газетіне жазылыңыз



Заман дамып, уақыт ілгері жүрсе де бүгінгі таңда мерзімді басылым қоғамдағы рөлін жоғалтқан емес. Жедел ақпараттар тасыған ғасырда өмір сүрсек те кейде тыныш жерде газет оқығын келеді. Баспасөз бетіндегі рухани дүниелер, көкейкесті мәселелер, әдемі әңгімелер бір сәт рухани демалдыратыны сөзсіз. Әдемі газет оқығыңыз келе ме? Ендеше, ал сіз ше? Кейде газет оқығыңыз келе ме? Ендеше, жазылу жүріп жатыр... (Суретте «Қызылорда автобус паркін» жүргізушісі Әбілсейіт Қайырғалиұлы).



СЫРДАҒЫ ТОЛЫМДЫ ТІРЛІК Елорда төрінде сараланды

БАСПАНА – БАСТЫ МӘСЕЛЕ

Бұл ретте аймақ басшысы жыл аяғында 696 пәтерлік 74 үйдің пәтер кілті табысталатынын атап өтті. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз етуде бүгінгі таңда 98 көптерлі үйдің құрылысы жүргізілуде. Оған қоса Байқоңыр қаласында тұратын Қазақстан азаматтары үшін тұрғын үй салу тәжірбиесі жалғасын таппақ. Осы ретте келер жылы 50 пәтерлі 5 тұрғын үй бой көтереді.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ІГІЛІГІ

Облыс жыл санап инфрақұрылымы өріс алған аймақтар қатарында. Жалпы аймақ тұрғындарының 97 проценті орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етілген. Көгілдір отынды тұтынушылар көрсеткіші – 63 процент. Бұл жыл соңына дейін 70 процентке өседі деп күтілуде.

Басы 1-бетте

ЖАҢА СПОРТ НЫСАНЫ БОЙ КӨТЕРЕДІ

Аталған салалар бойынша атқарылған жұмыс та, жеткен жетістік те аз емес. Биыл Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150, Ұлы Абайдың 175, Ұлы Отан соғысының 75, Алтын Орданың 750 жылдығы атап өтілді. Соған сәйкес онлайн форматта 2000-нан аса іс-шара ұйымдастырылды. Спорт саласында бюджет есебінен 12 жана нысан салынуда. Оның ішінде байдарка мен каноэде есу базасы бар. Сондай-ақ мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 5 дене шынықтыру-сауықтыру кешені бой көтереді.

ҚАУІПТІ ІНДЕТПЕН КҮРЕС КҮШЕЙЕДІ

Қазіргі таңда коронавирус инфекциясының екінші толқынына дайындық қызу жүрде. Қажет жағдайда 3200 төсектік 21 инфекциялық стационар жұмысын бастайды. Үй жағдайында 138 медициналық мобильді топ қызмет көрсетсе, қосымша 3600 медицина мамандары жасақталған.

– Индетпен күресу үшін өкпені жасанды желдету аппаратын 244-ке жеткіздік. Сонымен бірге дәрі-дәрмектің екі айлық

қоры бар. Тұрақтандыру қоры арқылы дәрілік заттарды алуға 488 млн теңге қаржы бөлінді. Жақында 200 төсектік жана модульдік инфекциялық аурухананың құрылысы аяқталады. Сондай-ақ көпбейінді облыстық ауруханада оттегі станциясы салынды, – деді аймақ басшысы брифинг барысында.

Аймақтың 9 айдағы әлеуметтік-экономикалық көрсеткішін саралаған облыс әкімі республикалық, жергілікті БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап берді. Журналистер өздерін толғандырған коронавирустың екінші толқынына дайындық барысы, баспана, облыстың инфрақұрылымы, мейрамхана бизнесіндегі кәсіпкерлер жайындағы сауалына жауап алды. Осы орайда аймақ басшысы мейрамхана ісін жүргізген кәсіпкерлердің қазіргі кәсібіне ерекше тоқталып өтті. Карантин кезінде аталған кәсіптің тұрақты табыс көзі емесін ұғынған кәсіпкерлер жана бағытқа көшкен. Бүгінде облыстағы 10 шақты мейрамхана өндіріс ошағына айналған. Олардың бірі мейрамханасын балалар ойын алаңына айналдырса, бірі кондитер цехын ашқан. Енді бірі шырын, бұқтырылған ет өнімін өндіретін цех ашуды жоспарлауда.

А.СЕЙІЛ

СҰХБАТ

СПОРТ: Сырдың атын әлемге танытар жаңа буын өсіп келеді



Бұқаралық спортты дамыту, жастарды салауатты өмір салтына баулу – кезек күттірмейтін қоғам міндеті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың азаматтардың спортпен қамтылу деңгейін 30 процентке арттыру тапсырмасы да мәселенің ең оңтайлы шешіміне бағытталған жоспар екені айқын. Ал шаһардағы спорт саласында биыл нендей жаңалық бар? Үйірме жұмысы қай деңгейде жүргізілуде? Қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Айбек Ормановпен сұхбаттасудың сәті түсті.

– Айбек Ергалиұлы, басшылық қызметке келгеніңізге көп уақыт өтпесе де, саланың жай-күйіне бұрыннан қанықсыз. Жалпы Сыр жастары қандай спорт түріне бейім?

– Қала тұрғындары тарапынан спортқа деген қызығушылық жыл санап артқаны белгілі. Жыл басынан бері елдегі эпидемиялық жағдайға байланысты 32 спорттық іс-шара өтті. Оның ішінде 14 шара онлайн форматта ұйымдастырылды. Соңғы уақытта Сыр жастары грэпплинг, панкратион, еркін күрес, дзюдо секілді спорт түрінен республикалық, халықаралық жарыстардан жүздеп оралауда. Қазақ күресі де кенже қалып жатқан жоқ. Спортшыларымыз түрлі сайыстардан топ жарып, қала мерейін ғана емес, аймақ абыройын асырып келеді.

Үйірмелерге қатысушы саны айтарлықтай көбейді. Мәселен өткен жылы «Қажымұқан» спорт кешенінде жаттығушылар саны артқандықтан «Ерсултан» сауықтыру спорт кешенін жалға алуға тура келді. Қазір аталған спорт кешенінде 300-ге жуық жасөспірім спортпен айналысуда. Сондай-ақ қала бойынша жылына 4-5 нысанды қосымша жалға алуға тура келеді.

– Қалада қанша спорт түрінен үйірме жұмыс істейді? Жанадан қосылған спорт түрлері бар ма?

– Ұлттық және бұқаралық спортты дамыту бойынша «Қажымұқан» спорт клубы жұмыс істейді. Клубта спорттың 11 түрінен үйірме ұйымдастырылып, 964 қала тұрғыны спортпен айналысады. 2020 жылы клуб спортшылары ҚР чемпионаттары мен кубоктарында 23 рет жеңіс тұғырына көтерілді. Оған қоса Қажымұқан Мұнайпасұлы атындағы спорт клубына қарасты «Ерсултан» сауықтыру спорт кешенінде қыркүйек айынан бастап мемлекеттік жекеменшік әріптестік аясында ақысыз негізінде үйірмелер жұмыс жасауда. Осы кешенде еркін күрес, ережесіз жекпе-жек, қазақша күрес түрінен жанадан үш үйірме ашылды.

– Мүмкіндігі шектеулі жандарды салауатты өмір салтына баулу, спортпен шұғылдануға дағдыландыру мақсатында нендей жұмыс атқарылды?

– Мүмкіндігі шектеулі азаматтар – қоғамның толыққанды мүшесі. Сондықтан мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған спорт орталығынан парапауэрлифтинг және «Қазақ соқырлар қоғамы» жанынан тоғызқұмалақ, дойбы, шахматтан үйірме ұйымдастырылған. Белкөл кентінде үстел теннисінен арнайы үйірме қамтылған. Үйірмелер азаматтарға спорттың алғашқы сатысын үйретіп, түрлі жарыстарға қатысуға мүмкіндік береді.

– Бұқаралық спортты дамыту қай деңгейде?

– Бұқаралық спорт түрлерімен жүйелі айналысу – үлкен спортқа алғашқы баспалдақ және салауатты өмір салтын нығайту көзі. Сол себепті үкіметтік емес ұйымдар арқылы тұрғындарды бұқаралық спортқа тарту бойынша жүйелі жұмыс атқарылууда. Мысалы, «Қайнар» спорт клубы қоғамдық бірлестігімен тығыз байланыстамыз. 49 спорт нұсқаушысы бар қоғамдық бірлестіктің қолдауымен бұқаралық спортпен қамтылған тұрғын екі есеге артты.

Халықтың әлеуметтік әлсіз тобы қатарындағы қала тұрғындарын қолдау мақсатында әр ай сайын аз қамтылған, көпбалалы отбасындағы балаларға және қала жастарын қолжетімді спорт инфрақұрылымымен қамту бойынша «Евразия», «Мұз айдыны» спорт кешендеріне жолдама берілуде.

Сонымен қатар өткен жылы қала мен қалаға қарасты кент және ауылдық округті спорт үйірмелерімен толық қамту мақсатында Белкөл кенті мен Ақжарма, Қосшыңырау, Қызылөзек ауылдық округтерінен грэпплинг, жекпе-жек, қаратэ, еркін, қазақша күрес түрінен үйірмесі ашылып, жастарды тарту қолға алынған. Қазіргі таңда 3583 спорт үйірмесі ұйымдастырылып, қала мен қалаға қарасты барлық кент, ауылдық округтер толық қамтылды. Ал Қызылорда қаласы тұрғындарының дене шынықтыру және спортпен шұғылдануы үшін салынған спорттық нысандар саны 646-ға жетіп отыр.

Осы жылы Қызылөзек және Қосшыңырау ауылдық округіндегі спорттық үйірмелерге 2 күрес кілемі сатып алынды. Оған қоса кенже қалған спорт түрін дамыту бойынша облыстық жобалық кеңсеге үстел теннисі ұсынылған болатын. Өз кезегінде жоба қолдау тауып, биыл қаладағы 15 мектепке 40 үстел теннисі орнатылды.

Тағы бір қуанарлық жайт, биыл «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасы аясында қала аумағында спорт саласына байланысты 10 жоба жүзеге асуда.

– Соңғы жылда Сыр спорты жана есімдермен толықты ма?

– Қызылорда өңірі спорт үздіктерін дайындайтын өзіндік мектеп қалыптастырды десек, артық емес. Илья Ильин, Қамшыбек Қоңқабаев, Александр Зайчиков, Элизабет Тұрсынбаева, Мерей Медетов, Әсел Серікбай секілді әйгілі спортшылардан бөлек, күш-қуаты мығым жана буын өсіп келе жатыр.

Мысалы жақында Шымкент қаласында Octagon лигасының ұйымдастыруы бойынша кәсіпқой аралас жекпе-жекпен рейтингтік кездесу өтті. Жарыста 56,7 кг салмақ дәрежесінде Әділсерік Ғани, 77 кг салмақта Жүнісов Алтынбек жеңіске жетіп, олжалы оралды. Сондықтан Сыр өңірінен шыққан спорт саласындағы жана есімдер әлі де толығы түсері анық. Сыр елінде спорт сандағы жетерлік.

– Арулар арасында жетістікке жеткен спортшылар бар ма?

– Қазіргі таңда спортқа қадам басқан арулардың қатары артты. Республикалық, халықаралық жарыста ел намысын қорғап жүрген спортшылар сапында нәзік жанды арулар жетерлік. Мысалы биыл Нұр-Сұлтан қаласында өткен халықаралық ашық Азия және әлем кубогы үшін грэпплинг, грэпплинг ги бағдарламасы бойынша Мархабат Ақылбаев II орынды иемденсе, Жаная Мұрат I орынды жеңіп алды. Сонымен қатар Дильназ Ашықбай, Айгерім Еділбай есімді аруларымыз жеңіс тұғырына көтеріліп, ел намысын асқақтатуда.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Е.БАЛТАБЕКҰЛЫ

«СЫР АНАЛАРЫНЫҢ» МАҚСАТЫ ҚАНДАЙ?

Қала әкімінің орынбасары Бектас Нүридиновтың қатысуымен Студенттер сарайында «Мен бақытты анамын» тақырыбында аналармен кездесу болып өтті. Кездесудің мақсаты – «Бақытты отбасы» отбасы институты жанынан құрылған «Сыр аналары» Альянсы кеңесінің атқарған жұмысы мен алдағы жоспарларын пысықтау.

– Бұл шараның маңызы жоғары. Өйткені өмірдегі тұрмыстық қажеттіліктен туындайтын мәселелерді шешу жолында бірлестіктің атқарған жұмысы жетерлік. Бұл жоба жүзеге асқалы көп уақыт бола қойған жоқ. Дегенмен жұмыс өз нәтижесін беруде. Сіздер арқылы көп отбасылардың түйіпкілді мәселелері оң шешімін тауып келеді. «Сыр – Алаштың анасы» дегенді іспен дәлелдеп келесіздер. Осындай игілікті іске бастамашы болып, қолдау көрсетіп жатқандарыңызға мың да бір алғыс айтамын, – деді қала әкімінің орынбасары Бектас Нүридинов.

Кездесуде қалаға қарасты 18 шағын ауданға жауапты 32 ерікті ана өздеріне тиесілі аумақтағы атқарылған жұмыстарға есеп берді. Олар тұрмыс жағдайы төмен көпбалалы және отбасында мүгедектігі бар азаматтарды анықтауда айтарлықтай жұмыс жасаған. Бірі демешушілер тауып, әлеуметтік гуманитарлық көмек көрсетсе, енді бірі медицина, білім мәселелері бойынша қажетті қолдау көрсетілуіне себепші болған.

Интерактивті такта арқылы ел арасындағы жұмыстарына есеп беріп, алдағы уақытта да жүйелі жалғасатынын жеткізді. Кездесуде «Мағжан и Қ» ЖШС директоры Мағжан Ералиев, республикалық «Қарекет» қайырымдылық қорының ресми өкілі Азамат Болатбек тақырып төңірегінде өз ойларын білдірді.

– «Сыр аналары» құрылғандағы басты мақсат ел ішіндегі қолдауды қажет ететін отбасыларды анықтап, көмек көрсетілуіне бастамашы болу. Мұқтаж отбасыларға

бірдей көмек көрсетіп, қиналған сәтінде жанынан табылып, қуанса бірге қуанған «Сыр аналары» ерікті тобының мүшелері. Бүгінгі басқосуда осы жетістіктеріңізді жан-жақты насихаттап, өзгелерге өнеге ету болатын. Сіздерден жастар үлгі алады. Мен осыны айтқым келеді, – дейді қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және АХАТ бөлімінің басшысы Индира Ажжігітова.

– Көмек алған адамнан оны берген адам артық қуанады. Аналар аман болсын, балалар жыламасын. Біздің басты тілегіміз осы, – дейді «Ел Арай» қоғамдық қорының басшысы Асхат Байдаулетов.

Байқағанымыздай, ерікті аналардан құралған топ талай отбасының түйткілін тарқатып, талай отбасыға қолдау білдірді. Кездесу қорытындысында олардың еңбегі бағаланып, алғыс хатпен марапатталды.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ



АНАНЫҢ БАҚЫТЫ – БАЛАНЫҢ САУЛЫҒЫ



Дүниежүзілік балаларды қорғау күнінің қарсаңында облыстық денсаулық сақтау басқармасы БАҚ өкілдерін өңірдегі ана мен бала денсаулығы, баланың туу көрсеткіші, ауруханалардың қажетті құралдармен жабдықталу жайымен таныстырды. Әлемде жылына 11 миллион бала бес жасқа жетпей дүниеден өтеді екен. Дәл осындай шамада ақыл-есінде, дене бітімінде ақауы бар сәбилер дүние есігін ашады. Бала денінің саулығы, өмірінің қауіпсіздігі бүгінде жанаандық мәселеге айналған. Оларды қорғау мақсатында 1959 жылдан бастап дүниежүзілік балалар күні аталып өтеді.

Аймақта 350 төсектік Ана мен бала орталығы бар. Соңғы үлгідегі құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген орталықта жылына он мыңдаған сәби дүниеге келеді. Биыл соңғы 10 айда есеп бойынша 9608 бала өмір есігін ашыпты. Оның 7,5 проценті шала туған сәбилер. Ал олардың өмір сүру көрсеткіші 27-ден 60 процентке өскен. Облыста демографиялық өсім байқалады. Сондай-ақ егіз, үшмерлердің туу деңгейі де артып отыр. Мәселен, бытыр өңірде екі ана үшем босанса, бұл көрсеткіш жыл басынан бері 5-ке жеткен. Соның бірі – жақында босанған байқоңырлық Арайлым есімді ана. Айым, Күнім, Қолғанат есімді үшмерлер уақытынан бұрын дүниеге келген. Ақ халатты абзал жандардың арқасында аман-есен өмір есігін ашып, тиісті жағдай жасалған. Бүгінде олардың денсаулығы бірқалыпты, өмірлеріне қауіп жоқ.

Мамандардың айтуынша, ана мен бала денсаулығын сақтауда орталыққа заманауи жабдықтар алынған. Бұл өз кезегінде құрсақтағы сәбидің саулығын, түрлі ақаудың бар-жоғын ерте кезден анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге ауыр жағдайда босанатындар да өмірін сақтап қалуға дәрігер біліктілігімен бірге заманауи жабдықтардың үлесі зор.

Бүгінде өңірде 0-18 жас аралығындағы 286972 бала бар екен. Олардың 16677-сі сәбилер болса, 87808-і бір мен бес жас арасында, жасөспірімдер саны 17 процентті құрайды. Ал 350 төсектік көпбейінді облыстық балалар ауруханасы соматикалық, хирургиялық, реабилитациялық қызмет көрсетеді.

– Көпбейінді облыстық ауруханада 254 соматикалық, 96 хирургиялық, 60 реабилитациялық төсек орын бар. Жүзден аса дәрігер жұмыс істейді. Оның ішінде 19 хирург, 85 педиатр-дәрігер ауруханаға түскен баланың денсаулығына жауапты. Жалпы облыстағы балалар ауруының көрсеткішінде төмендеу белгісі бар. Атап айтсақ, тыныс алу жолы, асқазан, қан ауруы сынды дертке шалдыққандар азайды. Десе де балалар арасында тыныс алу жолы, жүйе жүйесі, онкологиялық аурулар басым. Сонымен бірге туа бітті ақаумен туылатын сәбилер жыл санап көбейіп келеді. Бізді осы алаңдатады, – дейді көпбейінді облыстық аурухана бас дәрігерінің орынбасары Шәрипа Әліева.

А.СЕЙІЛ

ВИРУС ЖҰҚТЫРҒАНДАР АНЫҚТАЛУДА

Өткен сенбі-жексенбі өңірде коронавирус инфекциясын жұқтыру дерегі тіркелді. Сенбі күні қауіпті дертті жұқтырған 4 адам болса, жексенбіде тағы бір науқас анықталды.

Инфекция жұқтырған 4 науқастың екеуі Шіелі ауданынан. Қалған екеуі қала тұрғындары. Сондай-ақ соңғы анықталған науқас та облыс орталығынан.

Аймақта бүгінге дейін вирус жұқтырған науқастар саны 3285-ке жеткен. Басым бөлігі қалалықтар. Ал олармен байланыста болған 14418 адам бар. Өткен аптаның соңғы күндері «Ұлттық сараптама орталығының» зертханасында 120-дан аса сынама тексерілген.

Қазіргі таңда инфекциялық стационарда 10 науқас ем алууда. Облыс бойынша инфекциялық стационардың реанимация бөлімінде жатқан науқас жоқ.

«Ақмешіт-ақпарат»



ШЫРАҒДАН



Өскекең ұрпақтың кемел келешегі үшін білім нәрімен сусындатып, жас шәкірттің кеудесінде ақыл-білімнің отын жағуда ұстаздар қауымының үлесі мол. Тарыдай болып келгеннен, таудай болып кеткенге дейін олар шәкірт бойына ілім-ғылымды үздіксіз құяды. Баланың баянды болашағы үшін өмірдің оңы мен солын үйретіп, білімнің қайнар көзімен сусындатуда мектептің алар орны ерекше. Мектеп қабырғасында өткізген 11 жылында ұстаздар баланың зорек болып өсуі үшін аянбай еңбек етеді. Ал жас ұрпақтың ұстаз артқан үмітті ақтауы уақыт еншісінде. Шаһардағы мақтаулы білім ордасының бірі – Ғани Мұратбаев атындағы №171 орта мектеп. Іргетасы 1958 жылдың 4 қарашасында қаланған білім ордасының тарихы тереңде жатыр.

Мәскеудегі Жоғары комсомол мектебіне оқуға жолдама берді.

БІЛІМ ОРДАСЫ БҮТІНДЕ

Бұл күндері мектепте білікті басшы Бекзат Сағындықұлы директорлық қызмет атқарады. Жас шәкіртке 55 мұғалім, оның ішінде «Жоғарғы санатты» 4, «І санатты» 8 және «ІІ санатты» 4 ұстаз қызмет етеді. Одан бөлек 590 оқушы білім алатын алтын ұяда 23 педагог-зерттеуші, 5 педагог-сарапшы мен 3 педагог-модератор бар.

— Өткен оқу жылында 11 сыныпты 11 оқушы тәмамдаған. Оның ішінде 8 оқушы мемлекеттік грантты жеңіп алса, 3 оқушы ақылы түрде оқуға түсті. Оқушыларымыз өткен оқу жылында түрлі республикалық, облыстық және қалалық жарыстардың жүлдегері атанды. Сондай-ақ мектепте инклюзивті сыныптың ашылуы мен биология кабинетінің жасакталуы — жақсы жаңалықтар қатарында. Алдағы уақытта мектеп аумағы үлкейіп, жаңа құрылыс бастау жоспарға енді. Жоба аяқталған сәтте мектепке тағы 200 орын қосылып, заманауи спорт зал мен асхана іске қосылады, — дейді мектеп директоры Бекзат Сағындықұлы.



Ұстазы біліммен баптаған, Шәкірті жадында сақтаған...



Мындаған шәкіртті түлетіп ұшырған байырғы білім ордасы Ғани Мұратбаев мектебі шежіреге толы. 1958 жылы 4 қарашада жаңа ғимараттың ашылу салтанаты болып, Қызылорда қаласындағы мектеп қатары ұлғайды. Оған №6 мектепті көшіріп, мектепке «Октябрь революциясы» атауы берілген. Кейінгі уақытта мектепке Тұрар Рысқұлов есімі берілсе де №6 мектеп-интернаты аталып кеткен. Содан кейін Комсомолдың 40 жылдығына орай мектепке Коммунистік Жастар Интернационалының қайраткері Ғани Мұратбаевтың есімі берілген.

Білім ошағының қызметі жаңалыққа жаны құмар, білгенін өзгеге үйретуді мақсат еткен Жанәбіл Нұрмановтың басшылығымен басталған. Кейін мектепті ағартушылыққа зейін қойған жандар, яғни қарт ұстаз Қайырбай Әшімов, Социалистік Еңбек Ері Рысқұл Махатова, Республикаға енгісіңіз Әділбек Айзенов пен Мариям Хусайинова сынды ұстаздар басқарған. Сондай-ақ бұл мектепте білікті математиктер Жакия Төлепов, Әділбек Айзенов, Запия Байқасынова және қазақ тілінің жанашырлары Балкия Жарқынбаева, Бақытжан Айтмамбетова, Меңдияр Кнікбаев есімді ұстаздар қызмет еткен.

Осындай білікті ұстаздардан тәлім алған шәкірттер қатарында ғылым докторы Байзақ Момынбаев, ғылым кандидаттары Алтынбек Ернараров, Ұлжан Жанбыршиева, Ғабит Серікбаев, Марат Тобашев, Боранбай Тұрбаев, Жібек Әбілдаева мен Әнипа Тапаловалар бар.

ҚАЛАНЫ КӨРКЕЙТКЕН ТҮЛЕКТЕР

Өткен ғасырдың еншісінде бұл мектептің тарихын байытқан оқиғалар қатары аз емес. Мәселен, білім ордасын Мейірхан Байқасынова басқарған уақытта мектептегі В.И.Ленин мұражайы республикалық дәрежеде марапатталған. Одан кейін мұражай қабырғасында көпке үлгілі азаматтармен талай кездесу өткен.

Ал мектепті 1976-1977 оқу жылдары бітірген түлектер облыстық комсомол комитетінің нұсқауымен «Кітап пен қалақты қатар ұстап!» үндеуімен қаланы көркейту мақсатында құрылысқа аттанған. Сара Ыскакқызы жетекшілік еткен сыныптың оқушылары құрылыста өздерін биіктен көрсетті. Нәтижесінде сол сыныпта оқыған үздік оқушының бірі Ләззат Балатайқызына екі жылдан соң облыстық комсомол комитеті

ТАЛАНТТАР ТҮЛЕП ҰШҚАН

62 жыл тарихы бар мектептен қанша түлек үлкен өмірге аттанды. Өзі қалаған мамандықты менгеріп, қызметте абыройлы болғандар аз емес. Жалпы бұл мектептен шыққан талантты шәкірттер қатары көп. Соның бірі де бірегейі — «Қазақстанның құрметті журналисі» Болат Омаралиев.

Сондай-ақ Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, актриса Ғазиза Әбдінабиева да Ғ.Мұратбаев атындағы мектептің 1966 жылғы түлегі. Мектептен кейін Қазақ Ұлттық Консерваториясының «көтерілкі шеберлігі» факультетін тәмамдаған Ғазиза Мөкешқызы талай қазақ көгілдір экраннан тамашалағаны рас.

ЖЕҢІСКЕ ҚҰМАР МЕКТЕП

— Мектебіміз білімдік және спорттық жарыстардан жүлдесіз қалып жүрген жоқ. І санатты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Салима Үсенованың шәкірттері республикалық олимпиадалардың, шығармашылық жарыстардың жүлделі орындарын иемденіп жүр. Мектептің математика пәнінің мұғалімі Анар Рүстемованың оқушылары олимпиаданың облыстық, қалалық кезеңінде және ғылыми жоба қорғаудан жүлдегер атанып жүр, — дейді директордың бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары Мөлдір Әбдіқалиқызы.

Үздік ұстаздар қатарында 32 жылдық еңбек өтілі бар Светлана Әлінабарқызы бар. Физика және математика пәні мұғалімі бірнеше рет облыстық білім басқармасының «Құрмет грамотасын» иеленсе, шәкірттері оқу-білімде үздік болып «Алтын белгі» иегері атанған. Ал бастауыш сынып мұғалімі Фарид Файзуллаева ҚР педагогтарының «Алтын төсбелгісімен» марапатталған. Ағылшын тілі пәнінен сабақ беретін Гүлнар Жұмабекқызына 32 жылдық еңбек өтілінде білімді шәкірт тәрбиелегені үшін ҚР БҒМ-нің «Құрмет

грамотасы» табысталып, шет тілін сүйетін талай жасты жетістікке жеткізген. Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Алмагүл Бақытқызының да оқушылары олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болса, ұстаздың өзі Украинадағы И.Франко атындағы Житомир Мемлекеттік Институтының 100 жылдығына орай төсбелгімен және білім және ғылым министрінің «Құрмет грамотасының иегері». Тарих пәнінің мұғалімі Бахыт Насырованың оқушылары республикалық олимпиаданың кезеңдік жарыстарында құқық пен тарих пәнінен жүлдегер атанса, мұғалімнің өзі республика көлеміндегі олимпиадалардың жеңімпазы.

Аталған ұстаздардың шәкірттері шығармашылықта да, спорт саласында да үздіктер қатарында.

БАСТАУЫШТАҒЫ БІЛІКТІ ҰСТАЗ



Мектепте біліктілігі мен тәжірибесі мол ұстаздар қатары аз деуге әсте келмейді. Өз өмірін балаға білім беруге арнаған ұстаздар қатарында Шакижамал Есжанова бар. Ол бұл мектеп қабырғасына қызметке 1989 жылы келген және әлі күнге дейін осы білім ұясында бастауыш сыныпқа сабақ береді. «Әліппенің» қайта енуін асыға күтіп жүрген ұстаздың алдыңғы шәкірттері бүгінде азамат болып ер жеткен. Олардың қатарында ұстаздың жолын қуып, бүгінде мұғалім атанған Бақыт Сейтмембетова сынды жандар бар.

Бала кезінен мұғалім болуды армандаған Шакижамал Әубәкірқызы ұстаздық еңбек жолында түрлі өзгерістерді көрген жан және әлі күнге дейін ізденіс үстінде жүреді. Жаңартылған бағдарламаларды менгеріп, заман ағымына ілесуді көздейтін ұстаз бүгінде зейнет жасына да жақындап қалды. Ұстаздық жолды шын жүректен сүйетін жанның еңбек жолында болған қызықтары да аз емес.

— Ол кезде қаланың шетінде, Титовта тұратын едік. Айтмағамбет деген ағамыз біздің мектепте «завуч» болып қызмет ететін. Алыстан қатынай-тынымды біліп, менің сабағымды 2-3 сабақтарға қойып қоятын. Бір күні белгілі бір себеппен менің сабағым

бірінші болып қойылған екен. Ал ол кісі кешігу дегенді жек көретін жан еді, сол үшін танертен әр сыныптың сыртынан тындап тұратын. Мен әдеттегіше автобус күтіп, сабаққа аздап кешігіп қалдым. Сол кезде менің Динара деген оқушым ағайдың қылығын біліп, тақтаға шығып алып дауысымды салып сабақ түсіндіріп тұрған. Менің де кабинетке кіргенім сол еді оқушы: «Алай, завуч тексеріп жүр, тездетіңіз» дегені бар, — деді өткенді еске алып жымияған ұстаз.

Мамандығын сүйіп таңдаған ұстаз еңбек жолында қанша қиындықтар болса да қызметін ауыстыруды ойламаған. Керісінше мектеп табалдырығын енді аттаған бала оқушының дана оқушы болуы үшін үздіксіз қызмет еткен. Міне, енді зейнет демалысына шығатын күннің де ауылы алыс емес.

КІТАП — БІЛІМ БҰЛАҒЫ

Оқушының кітапқа деген қызығушылығын арттыруда мектеп кітапханасының ұлайы көп. Бүгінде осы мақсатқа кітапханада 9968 көркем әдеби және 10295 оқулық мектеп оқушыларына ұсынылған. Онда «Көркем әдебиет», «Сырдария» мен «Мәдени мұра» секілді арнайы бұрыштар қарастырылған. Сонымен қатар жоғары сынып оқушыларына ҰБТ-ға дайындалуға арналған арнайы кітаптар қарастырылған. Кітапханашы Айгүл Айтмағанбетқызы жас буынның кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында арнайы жиындар, кездесулер мен басқосулар ұйымдастырып тұрады.

— Кітапқа сұраныс жоқ деп айта алмаймын. Мысалы, бастауыш сынып оқушылары ертегілер оқуды жақсы көрсе, үлкен сыныптағылар көбіне әлем әдебиетін оқиды. Енді заман ағымына сай өскелең ұрпақтың электронды кітапқа деген сұранысы жоғары, сол себептен біздің кітапханада да электронды кітаптар қарастырылған. Қысқасы, оқимын деп кітап іздеп келген оқырманның сұранысын қанағаттандыру үшін барлық мүмкіндік жасалған, — дейді кітапханашы Айгүл Жылқыбаева.



Рухани қазына сақтаушы кітапханада ерекше кітаптар аз емес. Сөрелерден кітап авторларының қолтаңбасы қойылған және мектептің тарихы, түлектердің естелікке сыйлаған кітаптары көп. Оларды оқитын оқырман да жоқ емес. Әсіресе Гүлжанат Жұмашева мен Акерке Дәуренбек — кітапхананың тұрақты оқырманы.

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА ЕРЕКШЕ СЫНЫП

Қазіргі таңда бұл мектепте қолға алынған тағы бір бастама — инклюзивті білім беру. Яғни ерекше қажеттілігі бар балаларға жалпы білім беру үрдісіне толықтай енгізіп, қоғамға бейімдеу. Бұл үшін мектепте арнайы сынып бар. Ерекше балаларға жас маман Айнуір Санжарқызы сабақ береді. Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтын қызыл дипломмен тәмамдаған мұғалім қазіргі таңда мектептегі қызметін бастап та кеткен.

— Инклюзивті білім беру бүгінгі қоғам үшін аса қажет. Қоғамдық өмірден шет қалмауы үшін және өмірге бейімделу үшін осындай сыныптар ерекше балаларға қызмет етеді. Оқушыларға коррекционды түзету-дамдыту сабақтары жүргізіледі. Ол үшін сынып дидактикалық материалдар және оқулықтармен толық қамтамасыз етілген, — дейді мектеп дефектологы Айнуір Жолдас.

Одан бөлек биыл мектептегі биология кабинеті сабақ жүргізуге қажетті арнайы құралдармен жабдықталған.

— Жаңғыртылған сыныптың сабақ өткізуде ұстаздарға көмек беретіні сөзсіз. Мәселен, бұрынғы балаларға адам дене мүшелері тек суреттер арқылы көрсетілсе, қазіргі таңда енді қолымен ұстап, көздерімен көре алады. Бұл құралдар оқушының жаңа тақырыпты жақсы түсінуіне септігін тигізеді, — дейді мектеп лаборанты Гүлімжауар Сариева.

КАРАНТИНДЕГІ МЕКТЕП КЕЛБЕТІ

Әлемді әбгерге салған пандемия білім үрдісін өзгертіп, жаңа жүйе енгізді. Енді оқушылардың көбісі қашықтан білім алуға. Бұл мектепте де қазір бос тұрған сынып көп. Себебі сабаққа тек бастауыш сынып оқушылары келіп жүр. Білім ордасына оқушы мен ұстаздар өзгеге кіруге рұқсат жоқ. Санитарлық талаптар толық сақталған. Дезинфекциялық туннель, әр сыныпта антисептик, оқшаулау бөлмесі бар және барлығы беттерде таққан.

— Карантиндегі білім жүйесіне оқушылар толықтай үйренді. Олар қазір тәртіп пен сақтықты жадына сақтап алған. Қай сыныпқа қай сызықтағы жолмен кіретінін, қолды жуу мен беттерде тағу сынды сақтық шараларын қатаң сақтайды. Білім беру үрдісіне де өбден үйреніп қалды. Десе де індетті тезірек жеңіп, дәстүрлі білім беру жүйесіне көшкенді қош көреміз, — дейді бастауыш сынып мұғалімі Гүлнәз Тынышбекқызы.

Асхан НҰРАЗҒАЛИ
(суреттер автордыкі)



